

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыс «Ортадан тепкіш сорғының электржетегін жетілдіру» тақырыбына жасалынды.

Жұмыста ортадан тепкіш сорғының құрылымы мен жұмыс істеу принципі қарастырылды. Сорғы жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып, екі жақтан қоректендірілетін асинхронды қозғалтқышты электржетек таңдалды және электржетекті басқару жүйелері көрсетілді.

Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі бөлімі су өнеркәсібіндегі зияны бар және қауіпі бар фактордың талдауы жасалды және электрлі қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қарастырылып, шу есебі жүргізілді. Өндірістік шу және вибрация әсерлерінен қорғаныс шараларына, микроклиматты қамтамасыз ету және өрт қауіпсіздігіне көңіл бөлінді.

Экономикалық бөлімде сорғы электржетегінің екі нұсқасына салыстырмалы талдау жүргізу негізінде жасалған бизнес-жоспар ұсынылды. Сонымен қатар жобаның қолданысқа енуіне қаншалықты қаражат қажет екендігі және қосымша шығындар есептелді.